

Қазақстан Республикасына әкелінетін тауарлардың шыққан елін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 10 мамыр 1995 ж. N 640. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Кеден-тариф саясатын, сондай-ақ тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелуді реттеудің тарифтік емес шараларын одан әрі жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1995 жылдың 1 маусымынан бастап Қазақстан Республикасының аумағына заңды тұлғалар әкелетін және осы аумақта еркін айналысқа шығарылуға тиісті тауарды кедендік ресімдеу кезінде тауарды шығарушы елдің құзырлы органдары беретін тауардың шығу сертификатын міндетті түрде ұсыну енгізілсін.

2. Мыналар белгіленсін:

осы қаулы 1995 жылдың 1 маусымына дейін жасалған контрактілер бойынша әкелінетін тауарларға қолданылмайды;

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден әкелінетін тауарларға Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Үкімет басшылары Кеңесінің Тауарлардың шыққан елін анықтау ережелері туралы 1993 жылғы 24 қыркүйектегі шешімімен бекітілген тауарлардың шығуы туралы сертификат қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті ведомстволық нормативтік базасын осы қаулыға сәйкестендірсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*